

821 И.Ж.  
Е - К



Ерлан

# Ерланып

Жастай маздап, оттай жанған шырағым,  
Көктей қаулап желкілдеген құрағым  
Шұғырынан түрлеп ұшқан қыраным,  
Өрге салса шалдықпаған пырағым  
Бәйтеректей өсіп едің биіктеп,  
Ойда жоқта қалай ғана құладың?

Әкең-шешен, інің қалды аңырап,  
Мұрт жыласты ойдан-қырдан жамырап.  
Еің күткен тігілмеді ақ ордан,  
Көтерілмей қалды артыңда шаңырақ.  
Асыр салған, дәурен сүрген мекенің-  
Далаң қалды, тауың қалды қаңырап.

Сен кеткелі болды, міне, қырық күн,  
Алтын жібін қиып кеттің үміттің.  
Өрның қалды үңірейіп, ойсырап,  
Түі едің гөй, нұры едің гөй жегіттің.  
Алматыға келген сайын қарсы алып,  
Дал өзіндей шығар екен күліп кім?

Тәңі жалған бірден-бірге алыасып,  
Өмір көшер таусылмайтын жол басып.  
Сенің рухың, о дүниенің төрінде,  
Мүрген шығар бабалармен жалғасып.  
Үмітім ең еңшілесім, Ерланып,  
Тайып болдың көзге түспес белді асып.

Орындамай қалды қанша арманың,  
Кім көнбейді салғанына Алманың?  
Сен кеткен соң орамайтын сапарға,  
Тағыз сездік дүниенің жалғанын.  
Нұрың шалқып мұңгі-баққи жұмақта,  
Матқан жерің жарық болсын, Ерланып.

Е. Мөңкешев  
Мырзатай Молдасбеков